

"Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 сәуірде № 20503 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың тауырыбына мемлекеттік тілде өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған "Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидасы бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 5 бұйрығына
1 қосымша

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидалар жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес және "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, "Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;"

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиалық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметіу көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8 - тармағына (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес электрондық құжат нысанында лицензияны алу үшін құжаттарды портал арқылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) жібереді;

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын , мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 6 (алты) жұмыс күні лицензияға қосымша беру- 6 (алты) жұмыс күні, қайта ресімдеу – жұмыс күні көрсетілетін қызметті берушінің қатысуыңыз 20 (жиырма) минут ішінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Лицензиялық алымды төлеу ЭҮТШ және екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүзеге асырылады.

7. Портал арқылы мемлекеттік қызметті алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем ЭҮТШ арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш бергеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті порталда тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды қабылдау туралы хабарлама алады, Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтініштің орындаушысын анықтайды. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының лицензия беруге арналған құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, ақы төленгені туралы, психиатриялық және наркологиялық диспансерлерден анықтамалардың болуы туралы, лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензия алу үшін құжаттардың толық топтамасын 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ұсынған жағдайда, жауапты орындаушы құжаттарды қарайды және лицензия беруге бұйрықты не дәлелді бас тартуды (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі) дайындайды және уәкілетті тұлғаға қол қоюға жібереді.

Осы тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілетін қызметті

алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші Портал арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат ауыстырылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасынан алады.

Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтер болмаған жағдайда электрондық өтінішті қалыптастыру процесі аяқталады.

Портал көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Порталдың көліктік қолтаңбасы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз жұмыс күнінде 20 (жиырма) минут ішінде толық автоматты түрде өндейді және қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталдың көліктік қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-2. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының лицензияға қосымша беруге арналған құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы, ақы төлегені туралы, психиатриялық және наркологиялық диспансерлерден анықтамалардың болуы туралы, лицензия туралы мәліметтерді

көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензияға қосымшаны алу үшін құжаттардың топтамасын толық ұсынған жағдайда 4 (төрт) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін не дәлелді бас тартуды дайындайды және уәкілетті тұлғаға қол қоюға жібереді.

Осы тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Ескерту. 2-тарау 9-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің комиссия төрағасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жіберіледі және сақталады.

11. Ақпараттық жүйеде іркіліс болған жағдайда, электрондық байланыс болмаған немесе хабарламаларды жіберуге кедергі келтіретін өзге де жағдайлар туындаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі - оператор) техникалық іркілістердің пайда болуы анықталған сәттен бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін) шаралар қабылдайды.

12. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы

уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді .

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен,
оның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және сот-
психиатриялық
сараптамалармен
айналысуға лицензия беру
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына"
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 26.09.2025 № 532 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "Электрондық Үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады: www.egov.kz , www.elicense.kz .
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі: беру-6 (алты) жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу-3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензия беру / қайта ресімдеу, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия бергені, лицензия қайта ресімдегені үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 616-бабына сәйкес мынадай:</p> <p>1) лицензия беру - 6 айлық есептік көрсеткіш;</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10% - ы.</p>
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін;</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдауды және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді келесі жұмыс күні жүзеге асыратын тәулік бойы.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми Интернет-ресурсында орналастырылған – www.adilet.gov.kz.</p>
8		<p>Лицензия алу үшін:</p> <p>1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес Қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны.</p> <p>Лицензияны қайта ресімдеу үшін:</p>

	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар тізбесі	<p>1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда тегінің, атының және әкесінің атының (ол болған кезде) ауысқанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;</p> <p>2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен деректердің (мәліметтердің) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 48 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10309 болып тіркелген) сот-сараптама қызметін, оның ішінде сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама саласындағы сот-сараптама қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне);</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;</p> <p>5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.</p>
		<p>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін</p>

10	Ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар мемлекеттік қызмет көрсетудің	<p>қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-02-41. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414, 8 800 080 7777).</p>
----	---	---

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігіне

(тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда))

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

көрсетуге лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын.
(қызмет түрінің және(немесе) қызметтің кіші түрінің толық атауын көрсету)
Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы)

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
(стационарлық үй-жай) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен расталады, бұл:

көрсетілген барлық деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға лицензияны және (немесе)лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болады; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын

түрімен және(немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайды; қоса беріліп отырған

барлық құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады; өтініш беруші

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны; өтініш беруші өтінішті Халыққа қызмет көрсету

орталығы қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландыруға келіседі

(Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны (болған жағдайда) Толтыру күні: " ____ " ____ 20 ____ жыл

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен,
оның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және сот-
психиатриялық сараптамалармен
айналысуға лицензия беру
мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына"
2-1-қосымша

Сот-сараптама қызметін, оның ішінде сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтер нысаны _____

_____ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты(бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (мен ұсынылған деректердің дұрыстығына дербес жауап беремін)

Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 31.08.2021 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

барлық тұлғалар үшін толтырылады

1. Сот сараптамаларының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік куәлігінің болуы және / немесе тиісті мамандық бойынша сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама саласындағы сарапшы дәрігер үшін мынадай нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі "Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы бойынша біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын маман сертификатының болуы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі берген біліктілік куәлігінің/ біліктілік куәлігіне қосымшаның нөмірі _____

Біліктілік куәлігінің/ біліктілік куәлігінің қосымшасының берілген күні _____

Сот сараптамасы бойынша мамандығы (біліктілік куәлігі) _____

2. Диплом және оған қосымша туралы мәліметтер жоғары оқу орнының атауы _____

мамандық атауы _____

мамандық шифры _____

дипломның және оған қосымшаның нөмірі _____

дипломның және оған қосымшаның берілген күні _____

дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің берілген күні _____

дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің нөмірі _____

(6, 7-тармақтар шетелдік білім беру ұйымдары берген дипломдар үшін толтырылады)

3. Жоғары білімі туралы дипломда көрсетілген мамандық бойынша жұмыс өтілінің немесе сараптама қызметінің мәлімделген түрі бойынша сот сараптамасы (сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық) органдарындағы жұмыс өтілінің кемінде үш жыл болуы туралы мәліметтер:

жұмыс кезеңі _____

лауазымы, ұйым, бөлімше _____

ұйымның орналасқан жері _____

бұйырықтың нөмірі _____

еңбек өтілі _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен,
оның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және
сот-психиатриялық
сараптамалармен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына
3-қосымша

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 06.12.2024 № 1007 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Тегімнің, атымның, әкемнің атының (ол болған жағдайда) өзгеруіне байланысты сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға 20__ жылғы "___" № _____,

(лицензияның нөмірі(лері), лицензияны берген лицензиардың атауы) берілген лицензияны қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен,
оның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және
сот-психиатриялық
сараптамалармен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
4-қосымша



Нысан


ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сіздің [өтінім күні] жылғы № (Өтінім нөмірі) өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Бас тарту себебі

Қол қоюшының лауазымы

Т.А.Ә.



ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 30.04.2026 № 404 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сот-сараптама қызметімен,
оның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және
сот-психиатриялық
сараптамалармен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
5-қосымша



Нысан

ЛИЦЕНЗИЯ

20 ____ жылғы " ____ " _____

№ _____

Берілді

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы , орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғада бизнес - сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

қызметіне

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

Ерекше шарттар

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескертпе:

(иеліктен айыру , рұқсат сыныбы)

Лицензиар

(лицензиардың толық атауы)

Басшы _____ (уәкілетті тұлға)

Бастапқы берілген күні: _____ ж " ____ " _____

Лицензияның қолданылу мерзімі: _____ ж. " ____ " _____

Берілген орны _____





ЛИЦЕНЗИЯҒА ҚОСЫМША

Лицензия нөмірі _____

Лицензияның берілген күні 20__ жылдың " __ " _____

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері):

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрінің атауы)

Лицензиат

(занды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғада бизнес - сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өндірістік база

(иеліктен айыру , рұқсат сыныбы)

лицензия қолданылуының ерекше шарттары

(" Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)"

Лицензиар

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)


Басшы _____ (уәкілетті тұлға)

Қосымша нөмірі _____

Лицензияның қолданылу мерзімі: _____ ж. " _____ "

Қосымшаның берілген күні: " _____ " _____ Г

Берілген орны _____



Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 5 бұйрығына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 546 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16780 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. "Сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 546 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 1538 бұйрығы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17788 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. "Сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 890 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17061 болып тіркелген, 2018 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. "Сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 890 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 1616 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18016 болып тіркелген, 2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК